

**Кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық
кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№

10 шілде 2024 жыл

Төрағалық етті:

Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары – Т.Б. Дүйсенова

Қатысты:

(тізім бойынша)

**Білім беру саласындағы кәсіптік біліктіліктің салалық жүйесін енгізу
мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы**
(Сарбасов, Жумадилаева, Кобенова, Утельбаева, Макаш, Жуманбаев)

1. Білім берудің бірінші вице-министрі Н.В. Жумадилаеваның, Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің Төрағасы Г.И. Кобенованың, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Бірінші вице-министрі А.А. Сарбасовтың ақпараты назарға алынсын.

2. Ғылым және жоғары білім, оқу-ағарту министрліктеріне ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде:

2.1 кәсіптік стандарттар негізінде білім беру ұйымдарында еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарау;

2.2 жаңа кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жұмысты жандандыру;

2.3 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп Ақпараттық жүйелерді, білім беру бағдарламаларының тізілімдерін Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасымен интеграциялау процесін жеделдету (Career Enbek).

3. Жоғары білім беруді дамыту орталығы мен «Talar» КЕАҚ:

3.1 кәсіби стандарттарды әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың оларды қолдануы үшін еңбек нарығында танылған аккредиттелген білім беру бағдарламаларын талдау;

3.2 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру педагогикалық ұйымдарында және педагогикалық колледждеріне саладағы озық және үздік болып табылатын бірыңғай білім беру бағдарламаларын пайдалану мүмкіндігін зерделеу;

3.3 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім

беру бағдарламаларына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан іріктеп мониторинг жүргізу.

4. Оқу-ағарту министрлігіне:

4.1 «Педагог» кәсіби стандартын сапалы өзектендіру мақсатында арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіби стандарттарды әзірлеудің халықаралық тәжірибесін зерделеу;

4.2 халықаралық тәжірибені ескере отырып, Ұлттық сыныптауышқа енгізілмеген сабақтар үшін жеке кәсіби стандартты әзірлеу мәселесін пысықтау;

4.3 Дүниежүзілік банктің «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы шеңберінде әзірленген педагогикалық бағыттары білім беру бағдарламаларын қолдануды қамтамасыз ету.

5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган:

5.1 Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша кәсіби біліктілікті танудың әлеуетті орталықтарына ақпараттық-консультациялық және әдіснамалық қолдауды жандандыру;

5.2 өтініш беру саласында кәсіби біліктілікті тану орталықтарын құру мәселесін пысықтау;

5.3 Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп саланың нақты болжамды қажеттілігін айқындау және оны кәсіп атласының деректерін ескере отырып пайдалануды қамтамасыз ету және т.б.;

5.4 осы хаттаманың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрдің Орынбасары**

Т. Дуйсенова

Подпись канцелярии

18.07.2024 22:55 КӘДІРБАЕВ САНЖАР

Подпись руководителя

17.07.2024 17:34 ДУЙСЕНОВА ТАМАРА



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-2300//16-04/Б-1403 от 19.07.2024 г.
Организация/отправитель	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.